

Кімге: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Автордың аты-жөні мен лауазымы: Сағнадинова Айжан Бақытжанқызы - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментінің бөлім басшысы
Орындаған күні: 24.10.2024 жыл

Аналитикалық жазба

Тақырыбы: Қызылорда облысындағы белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде тегін дәрілік заттар және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету мәселелері

Кілт сөздер: денсаулық сақтау, қамтамасыз ету, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, тегін дәрілік заттар және медициналық бұйымдар.

Кіріспе: Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселелері еліміздің тұрғындары үшін осы күнге дейін өзекті болып табылады. Жыл сайын мемлекеттік органдар дәрі-дәрмектерді сатып алу және уақытылы жеткізу туралы есептер бергенімен, жыл ағымында әлеуметтік желілерде дәрі-дәрмектердің жетіспейтіндігі туралы шағымдар жиі туындап отыр. Бұл ретте міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу аясында дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қоса алғанда, медициналық қызметтерді ұлғайту тұрғысынан Қазақстандықтарды жаңалықтар күтуде.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараты бойынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізумен жаңашылдықтар шеңберінде онкология, туберкулез, АИТВ, қант диабеті, В және С вирустық гепатиттері, артериялық гипертензия және басқа да көптеген әлеуметтік маңызы бар аурулармен қатар басқа да диагноздар бойынша есепте тұрған пациенттерге дәрі-дәрмектердің көптеген түрі қолжетімді.


Негізгі бөлім: «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI ҚРЗ Кодексіне және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі 2021 жылғы 20 тамыздағы №ҚР ДСМ-89 бұйрығымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті

әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен, арнайы емдік өнімдермен, иммундық-биологиялық дәрілік препараттармен қамтамасыз ету белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікпен қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың *тізбесіне* сәйкес амбулаториялық жағдайларда медициналық-санитариялық алғашқы көмек және мамандандырылған көмек көрсету кезінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-75 бұйрығымен бекітілген.

Тізбеге сәйкес, Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттары тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде 54 (44,6%) ауру нозологиясы бойынша, ересектер міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде 26 (21,5%) ауру нозологиясы бойынша және балалар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде 41 (33,9%) ауру нозологиясы бойынша амбулаториялық деңгейде тегін дәрілік заттар және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етуге жатады.


Қызылорда облысы бойынша азаматтарды тегін дәрілік заттар және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету шеңберінде 2024 жылға арналған түпкілікті өтінім көлемі 8,0 млрд теңгені (*ТМҚКК бойынша – 6,8 млрд теңге; МӘМС ересектер бойынша – 1,1 млрд теңге, МӘМС балалар бойынша – 0,1 млрд теңге*) құрады. Ал, 2023 жылғы мәлімет бойынша, облыс азаматтарын тегін дәрілік заттар және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету үшін түпкілікті өтінімнің жалпы сомасы 8,5 млрд теңгені (*ТМҚКК бойынша – 6,7 млрд теңге; МӘМС ересектер бойынша – 1,5 млрд теңге, МӘМС балалар бойынша – 0,3 млрд теңге*) құрады.



1-Сурет - Қызылорда облысы бойынша өтінім көлемі, млрд тг

Қызылорда облысы бойынша 2024 жылы 165 294 науқас «Диспансерлік есепте» тұрады, оның ішінде 18 жасқа дейінгі балалардың саны – 27 784. Ал, 2023 жылы Қызылорда облысы бойынша 168 067 науқас «Диспансерлік есепте» тіркелімде болған, оның ішінде 18 жасқа дейінгі балалар саны 30 326 құрады.

2024 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша жалпы саны 147 823 науқасқа 480 531 тегін рецепт жазылып, қамтамасыз етілу сомасы 6,7 млрд теңгені құрады. Оның ішінде 18 жасқа дейінгі 42 408 бала 1,6 млрд теңге сомасында 83 580 тегін рецептпен қамтамасыз етілген. Ал, 2023 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша жалпы саны 148 125 науқасқа 480 101 тегін рецепт жазылып, қамтамасыз етілу сомасы 6,2 млрд теңгені құрады. Оның ішінде 44 605 бала 1,5 млрд теңге сомасында 83 118 тегін рецептпен қамтамасыз етілген.



2-Сурет - Қызылорда облысы бойынша тегін дәрілік заттар және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету деңгейі

Оған қоса, 2023 жылғы ақпарат бойынша, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментіне дәрілік

заттар мен медициналық бұйымдар айналысы саласында 30 жолданым келіп түскен, оның ішінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселесі бойынша жолданым саны – 7 (23,3%). Ал, 2024 жылғы ақпарат бойынша, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы саласында 54 жолданым келіп түскен, оның ішінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселесі бойынша жолданым саны – 8 (14,8%). Келіп түскен жолданымдар ішінде басым бөлігі негізді болып табылды.


Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментімен жүргізілген тексерулер нәтижесінде, басқа мемлекеттік органдар тарапынан жолданған материалдар және прокуратура ұсынымдары негізінде 2024 жылдың 9 айында облыс бойынша медициналық ұйымдар тарапынан тұрғындарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету қағидаларын бұзу фактісі бойынша «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 426-бабы 1-бөлігімен 24 әкімшілік хаттама толтырылып, 3,9 млн теңге айыппұл өндірілді. Ал, 2023 жылы 19 әкімшілік хаттама толтырылып, 2,3 млн теңге айыппұл өндіріген. Облыс бойынша дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы саласында көп байқалатын бұзушылық – науқастарды тегін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету қағидаларын бұзу болып табылады.

Халықаралық тәжірибе. Ресей Федерациясының нормативтік құқықтық актілерінде азаматтардың жекелеген санаттарын тегін (жеңілдетілген) дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету қарастырылған. Дәрігер тағайындаған дәрі-дәрмектер пациенттің жеке қаражаты есебінен емес, әртүрлі деңгейдегі (федералды және аймақтық) бюджеттерден сатып алынады. Тегін дәрілік препараттарды алуға құқығы бар азаматтар оларға медициналық көмек көрсету стандарттарына сәйкес қамтамасыз етіледі. Бұл ретте дәрілік препаратты алу үшін азаматқа дәрілік препаратқа тиісті рецепт жазып беріледі. Медициналық ұйымдардың дәрігерлік комиссияларының шешімі бойынша тағайындалатын медициналық қолдануға арналған дәрілік препараттардың тізбесі Ресей Федерациясы Үкіметінің 12.10.2019 жылғы №2406-р өкімімен бекітілген.

АҚШ-та денсаулық сақтау шығындарының үлкен пайызы жеке сақтандыру және пациенттердің тікелей шығындары есебінен жабылады. Егер әртүрлі елдердегі жан басына шаққандағы денсаулық сақтау шығындарының жалпы деңгейін қарастыратын болсақ, онда АҚШ осы көрсеткіш бойынша сөзсіз көшбасшы болып табылатынын атап өтуге болады. Сонымен қатар, мемлекеттің шығыстары 50% - дан аз, қалғаны негізінен жеке сақтандыру арқылы қаржыландырылады. Еуропа елдері өз кезегінде АҚШ-тан кейін екінші орында және мемлекеттік шығындар үлесінің басым екендігін көрсетеді.

Украинада «Доступні ліки» арнайы бағдарламасы жұмыс жасайды, бұл бағдарлама бойынша бронхиалды астма, жүрек-қантамыр аурулары, II типті қант диабеті тәрізді ауру түрлері бойынша тегін дәрі-дәрмектер алуға болады немесе кейбір медициналық препараттарға жеңілдіктер қарастырылған. Препараттар медициналық ұйымдар тарапынан науқастарды амбулаториялық және стационарлық деңгейде қамтамасыз ету үшін сатып алынады.

Қорытынды: Қорытындылай келе, облысымыздағы белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде тегін дәрілік заттар және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша келесідей **SWOT** талдау жүргізуге болады:



Жоғарыда айтылғандар негізінде, Қызылорда облысы бойынша белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде тегін дәрілік заттар және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету үшін бөлінген қаражат көлемі және өтінім көлемін арттыру қажет. Себебі, медициналық ұйымдар тарапынан белгілі бір сомада өтінімдер берілгенімен, тұрғындар арасында тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілмеу бойынша арыз-шағымдар көлемі азаймай отыр. Сонымен қатар, өтінімді дұрыс қалыптастыру бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуі қажет.

Ұсыныстар: Осылайша, жоғарыда көрсетілген тармақтарды ескере отырып, облысымыздағы белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде тегін дәрілік заттар және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша келесідей ұсыныстар ұсынылады:

1. Мемлекет тарапынан тегін дәрілік заттар және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету үшін бөлінетін қаражат көлемін арттыру.

Республикалық бюджеттің тапшылығын жабудың өзге көздерін қарастыру.

2. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға өтінім беру кезінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі 2021 жылғы 20 тамыздағы №ҚР ДСМ-89 бұйрығымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету қағидалары талаптарын сақтау.

3. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға өтінім беру кезінде жауапты мамандарға Қазақстан Республикасындағы дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы саласындағы нормативтік құқықтық актілер бойынша оқыту жұмыстарын жүргізу.

4. Белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде тегін дәрілік заттар және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету қағидалары бойынша тұрғындар арасында түсіндірме жұмыстарын жандандыру.

Пайдаланылған дереккөздер/әдебиеттер:

1. https://pharmnewskz.com/ru/news/na-kakie-besplatnye-lekarstva-mogut-rasschityvat-kazahstancy_16141
2. <https://gp1.ru/poliklinika-dlya-vzroslykh/lekarstvennoe-obespechenie-farmakolog/informatsiya-po-lgotnomu-lekarstvennomu-obespechen/>
3. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI ҚРЗ Кодексі
4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі 2021 жылғы 20 тамыздағы №ҚР ДСМ-89 бұйрығы
5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2023, 2024 жылға арналған есептері
6. Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасымен біріккен мониторингтік талдау есептері.